

бей-жай қарай алмаса керек. Жазушының жерлесі М.Қарғабай өзінің «Соzaқтың сырбаз Сәуірбегі» деген мақаласында «Соzaқ деген сырлы да, құнды өлкесі барда Сәуірбеу есімі аласармақ емес» деп тұжырымдайды. Әдебиеттану ғылым тұрғысынан да осы пікірді тиянақтайтын дәлелдердің бірі – осы аталған роман екендігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2019. -600 б.
- 2 Тебегенов Т.С., Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдеуіеті. Могография. – Семей: «Үш биік» баспасы, 2013. – 380 б.
- 3 Елеуенов Ш. Романдардағы тарихи шындық пен көркем шешім. // Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуіеті. Ұжымдық монография. Алматы: Print express, 2017.- 492 б.
- 4 Қалқабаета С. Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі ұлттық тақырыптар. // Жұлдыз, №1, 2013.
- 5 Акбаров А. Қасиетті баба, әжелер. Кітапта: //Қазіргі қырғыз поэзиясы. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2019, - 166 б.
- 6 Смағұлова С. Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2020 – 236 б.
- 7 С.Бақберенов. «Ақ боз атты ару». Роман. «Жалын» баспасы. 1986 жыл.
- 8 Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2019. – 226 б.
- 9 Қарғабай М. Соzaқтың сырбаз Сәуірбегі. //Жұлдыз, №6, 2020.

References:

1. Qazaqstan jazushylary. Anyqtamalyq. – Almaty: «Äebiet» baspa üii, 2019. -600 b.
2. Tebegenov T.S., Täuelsizdik дәuirindegi jaña qazaq ädeiетi. Mogografia. – semei: «Üш biik» baspasy, 2013. – 380 b.
3. Eleukenov Ш. Romandardaғы tarihi шындық пен көркем шешім. // Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуіеті. Ұжымдық монография. Алматы: Print express, 2017.- 492 b.
4. Qalqabaeva S. Qazaq poeziasyндағы дәстүрлі ұлттық тақырыптар. // Jұлдыз, №1, 2013.
5. Akbarov A. Qasietti baba, әjeler. Kіtapта: //Qazirgi qyrғыз poeziasy. – Astana: «Ғyлым» baspasy, 2019, - 166 b.
6. Смағұлова С. Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Ұлағат» baspasy, 2020 – 236 b.
7. S.Baqbergenov. «Ақ боз атты ару». Роман. «Жалын» baspasy. 1986 жыл.
8. Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: «Ұлағат» baspasy, 2019. – 226 b.
9. Qarғabai M. Sozaqtyñ syrбаз Säuirbegi. //Jұлдыз, №6, 2020.

МРНТИ 17.71.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.44>

Асанова Ұ.О.,¹ Ашенова А.Т.,² Қоқанова Ж.А.³

^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ-ТАТАР ХАЛҚЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Кез келген халықтың педагогикалық ой-пікірлері оның түрлі мәдени-рухани мұраларында көрініс табары ақиқат. Сол рухани байлығымыздың бірі, халық әдебиетінің асыл қазынасы – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі, халықтың ғасырлар бойы жинаған іс-тәжірибесі мен өмір тәжірибесінен қорытып, ережелерінде тұжырымдалған аталы сөз, ой түйіні. Ол бүкіл адам баласына ортақ, сондықтан бір халықтың мақалын екінші халық өзінің төл шығармасындай қабылдай беретіні де бар. Тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі ұқсас, ділі бір, діні бір түркі халықтарының, әсіресе қазақ-татар халқының мақал-мәтелдерінің мазмұны мен жасалу тәсілдері жағынан, сөздік, сөйлемдік құрылымы жағынан өте ұқсас болып келетінін байқау қиын емес. Бұдан қазақ-татар халқының рухани, мәдени, тарихи жағынан да жақындығын аңғаруға болады. Қазақ-татар халқының мақал-мәтелдеріндегі адамгершілік пен имандылық, еңбек пен өнер, ерлік пен отансүйгіштік қарым-қатынасына негізделген педагогикалық ой-тұжырымдарының да жас ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше.

Түйін сөздер: рухани құндылық, түркі халқы, өмір тәжірибесі, өсиет, тәрбие, моральдық қасиет

Assanova U.,¹ Ashenova A.,² Kokanova Zh.³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan

³ Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

EDUCATION ISSUES IN PROVERBS OF THE KAZAKH AND TATAR PEOPLE

Abstract

The pedagogical thoughts of any nation find their place in various cultural and spiritual heritage. One of our spiritual wealth, a treasure trove of folk literature are proverbs and sayings. Proverbs and sayings are a chronicle of centuries, a summary of the experience and life experience of the people, formulated in the form of rules. They are common to all mankind, so the proverbs of one nation can be perceived by another as their own creation. It is not difficult to notice that from the point of view of the content and methods of compiling proverbs and sayings of the Turkic peoples, especially the Kazakh-Tatar people, they are identical in the verbal and speech structure, in everyday life and world outlook, customs and traditions. From this one can understand the closeness of the Kazakh-Tatar people in spiritual, cultural and historical aspects. Pedagogical ideas based on morality and ethics, work and art, heroism and patriotism in the proverbs and sayings of the Kazakh-Tatar people occupy a special place in the education of the younger generation.

Keywords: spiritual values, Turkic people, life experience, testament, upbringing, moral qualities

Асанова У.О.,¹ Ашенова А.Т.,² Коканова Ж. А.³

^{1,2} Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан

³ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ КАЗАХСКОГО И ТАТАРСКОГО НАРОДОВ

Аннотация

Педагогические мысли любого народа находят свое место в различных культурно-духовных наследиях. Одной из наших духовных богатств, сокровищницей народной литературы являются пословицы и поговорки. Пословицы и поговорки – летопись веков, обобщение опыта и жизненного опыта народа, сформулированное в виде правил. Они общие для всего человечества, поэтому пословицы одного народа могут восприниматься другим народом как свое творение. Не сложно заметить, что с точки зрения содержания и способов составления пословиц и поговорок тюркских народов, в особенности казахско-татарского народа, они идентичны в словесной и речевой структуре, по быту и мировоззрению, обычаям и традициям. Отсюда можно понять близость казахско-татарского народа по духовным, культурным и историческим аспектам. Педагогические идеи, основанные на морали и нравственности, труде и искусстве, героизме и патриотизме в пословицах и поговорках казахско-татарского народа занимают особое место в воспитании подрастающего поколения.

Ключевые слова: духовные ценности, тюркский народ, жизненный опыт, завещание, воспитание, нравственные качества

Кіріспе. Әрбір ұлттың, әрбір этностың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдап зерделеу және тұжырымдау өрісі халықтың асыл мұраларынан көрініс табады. Осындай асыл мұралардың бірі, халықтың әдет-ғұрып, ұғым-сенімін, дүниеге көзқарасын көрсететін өмір тәжірибесінен, тіршілік-танымынан түйіп түзілген – мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер – халықтың төл жемісі, ауыз әдебиетінің көне жанрларының бірі. Академик Мұхтар Әуезов: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әрқилықарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы. Мақал-мәтелдегіміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз», – деп сипаттайды [1, 394]. Мақал-мәтелдер – ел арасында ең көп таралған халық ауыз әдебиетінің ең бай саласы. Екі ауыз сөзді мәтелмен айту халық дәстүріне айналған. Мазмұны, идеясы, тақырыбына қарай мақал-мәтелдер саудаға, тұрмысқа, адамгершілікке т.б. байланысты туған [2, 137].

Түркі халықтарының рухани байлығы, көркемдік және шешендік өнерінің қайнар көзі болып табылатын мақал мен мәтелдерінде халықтың өмір тәжірибесінен алынған ой түйіндері өнегелі өсиет түрінде айтылып, ұрпақ тәрбиесінде үздіксіз пайдаланылып отырған. Көрнекті чуваш ғалымы Г.Н. Волковтың «Ұлт қанша ғұмыр кешсе, тәрбие онымен бірге дамиды» деген тұжырымы осының дәлелі болмақ [3].

Нәтижелер. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ және татар халқы мақал-мәтелдерінің тақырыптары сан алуан және мағынасы жағынан өте жақын. Онда халықтың жаны болып табылатын негізгі моральдық-этикалық нормалар көрініс табады[4,33]. Түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдер екі түрлі арна бойынша қалыптасатыны белгілі. Негізінде түркі әлемінде ортақ мақал-мәтелдерді әрбір ұлт өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, терең ой, айшықты пікір, кестелі сөзбен жеткізуге тырысады. Оларда халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірі түгел камтылып отырған.

Түркі тарихының ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттарының ішіндегі ең бастысы – өскелең ұрпақты отансүйгіштік, ерлікке тәрбиелеу мәселесі. Түркілік отансүйгіштік тәрбиенің мақсаты – жас ұрпақты түркілік рухта тәрбиелей отырып, оларға елі мен халқының, Отанының алдындағы борышы мен азаматтық парызын және ар-ұят, намыс ұстанымдарын түсіндіру. Бұл қазақ және татар халықтарының мақал-мәтелдерінде былайша беріледі. Қазақ тіліндегі: «*Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі. Ел іші – алтын бесік. Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. Ерден кетсе де елден кетпейді*» [6] деген мақалдар татар тілінде де тура сол мағынада қолданылады, өзгеріс тек жазылуы, оқылуы және айтылуында ғана: «*Ир егет үзе өчен туа, иле өчен үлә. Ил эче – алтын бишек. Кеше йортында йөреп солтан булганчы, үз йортында йөреп олтан бул. Ирдән китсәң дә, илдән китмә*» [7].

Талқылау. Түркілік отансүйгіштік құндылықтарды бағалау – жастардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі, сондықтан да «ел үшін, жер үшін, атамекен үшін» деген отансүйгіштік қағида барша түркілердің ортақ борышы болып есептеледі.

Қазақ тіліндегі:

Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.

Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Әркімнің өз жері – жұмақ.

Туған жердің ауасы да ишпа, - деген мақал-мәтелдер[6] және

татар тіліндегі:

Атасын югалткан – бөлгән, илен югалткан – үлгән.

Ватаны юк – жыры юк сандугач.

Ил бар да – ир хур булмас, ир барда – ил хур булмас.

Ил өчен яшәмәгән кеше үзе өчен дә яшәми.

Иле иркенең көне иркен.

Туған илнең жүре – жәннәт, суы – ширбәт.

Үз илең – гөлстан, кеше иле – гүрстан.

Үлем турында уйлама, илең турында уйла, - деген мақал-мәтелдерде[7] халықтың туған жеріне, атамекеніне, Отанына, еліне деген сүйіспеншілігі терең түйінделген.

Түркі халықтарының түсінігінде дүниеге келген әрбір ұл бала «ел қуанышы», «ел қорғайтын ұрпақ жалғасы» деп ұғынылады. Олар құралайды көзге атқан мерген, ат құлағында ойнайтын шебер, халыққа қызмет ететін, халқының салт-дәстүрін қорғайтын қамқоршы, қара қылды қақ жарған әділ, рухани-моральдық жағынан жетілген намысқой «батыр» тұлғасында қалыптасады. Намысқой, батыр, ержүрек ұрпақты тәрбиелеу отбасынан бастау алатыны белгілі, сондықтан түркі отбасында ер бала мен қыз баланы тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Түркілер ер баланы ұрып-соқпай, жасық қылмай, керісінше еңсесі биік, өршіл етіп тәрбиелеген. Ал қыздарын биязы болуға, әдептілікке, әдемілікке үйреткен. Бұл қазақ және татар халықтарының мақал-мәтелдерінде былайша сипатталады:

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар.

Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы.

Ер елімен жақсы.

Елі жоқ ер жетім.

Ақылды қыз – ауыл көркі.

Жақсы қыз жағадағы құндыз,

Жақсы жігіт көктегі жұлдыз.

Ақылды қыз білімге жүгірер,

Ақылсыз қыз сөзге ілігер.

Қыздың қабағында құт бар.

Қыз өссе – елдің көркі,

Гүл өссе – жердің көркі[6]

(қазақ мақал-мәтелдері)

Ул туды – илгә ту (байрақ) туды.

Улы барның қулы бар.

Улның ояты атаға,

Кызның ояты анаға.

Егет булса батыр булсын, қыз булса матур булсын.

*Алып анадан туар, аргамак биядән туар.
Яхшы кызны авылдан жибермиләр.
Кыз баланы кеше бәхетә өчен үстерәсең.
Кыз – башка йортның чырагы.
Гөл, үссә – жирнең күрке; кыз, үссә, – илнең күрке[7].
(татар мақал-мәтелдері)*

Халықтың шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған түркілердің еңбек-кәсібі, салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары елдің өмір-тіршілігімен тығыз байланысты көрініс тапқан. Қазақ және татар халқы еңбекті әр уақытта ардақтап, бүкіл игіліктің көзі еңбекте деп таныған. Бұл мына мақалдардан айқын аңғарылады:

*Еңбек түбі – береке.
Еңбек етсең, емерсің.
Ер дәулеті – еңбек.
Бейнет, бейнет түбі – зейнет.
Еңбек ет те, егін ек – жарымасаң, маған кел,
Белді бу да бейнет қыл, байымасаң, маған кел[6].
(қазақ мақал-мәтелдері)
Ағач – жұмеше белән, кеше – эше белән.
Алтын ұтта сыналыр, адам эштә сыналыр.
Барын да эшлим дигән берен дә эшли алмас.
Башлаган эш – беткән эш.
Бер гүзәл эш мең гүзәл сүздән яхшырак.
Игелекле эшнең иртә-киче юк.
Кайда яхшы эш – шунда яхшы исем.
Эш сөйгәнне ил сөйгән.
Эшнең кадерең белгән жирдә эшләү яхшы.
Үткән эштән алдагы эш яхшырак[7].
(татар мақал-мәтелдері)*

Сондықтан ертеден-ақ еңбек тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген түркі халқы оны халықтық мерекелермен, түрлі ойындармен ұштастырып отырған. Әсіресе Наурыз мейрамында «Бұлақ көрсең, көзін аш. Бір тал кессең, он тал ек!» деген принципті негізге алған түркі халқы Ұлыстың ұлы күні ауланы, елді мекенді тазалап, ағаштар отырғызуды ұрпағына үйретіп келген. Бұл, біріншіден, ұрпағына «бақыттың кілті еңбекте» екенін түсіндіріп, «еңбек мұратқа жеткізетінін» дәлелдесе, екіншіден, туған табиғатымыздың қадір-қасиетін жеткіншек ұрпаққа таныту, қоршаған ортаға деген махаббатын арттыру, оны қорғауға үйретуді көздейді.

Түркі халқы қоғамда орныққан, адамдар арасындағы қалыптасқан жақсы адамгершілік мінез-құлық атаулыны өз ұрпағының бойына сіңіруді ерте кезден-ақ қолға алған. Мұны моральдық қасиеттер деп те жүрміз. Моральдық қасиеттер адамдардың іс-әрекеттерінен, өзара қарым-қатынасынан шығады. Бұл қасиеттерді түркілер ауыздан ауызға тарап, бүгінгі күнге дейін жеткен халық мақал-мәтелдері арқылы үйретуге тырысқан.

Үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, ата-ананы ардақтау, жалпы адамдар арасындағы сыйластық адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан да түркі халқы жастарға «үлкеннің сөзін бөлме, үлкеннің жолын кесіп өтпе, үлкенге сый, кішіге құрмет көрсет» деген нақыл-өсиет сөздерін айта отырып, өз талап-тілектерін былайша жеткізеді:

*Елді сылағаның – өзіңді сыйлағаның.
Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды.
Кішіні сен сыйласаң, кісі сені сыйлайды.
Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.
Әкесін сыйламаған кісіні,
Баласы сыйламайды.
Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атаңа ауыр жүк артпа.
Атаңа не қылсаң,
Алдыңа сол келер.
Ата тілін алмаған ұлдан без,
Ана тілін алмаған қыздан без[6].
(қазақ мақал-мәтелдері)*

Башына бәла төшкәндә туганыңны танырсың.

Ике туган, бергәжилсә, сандугачтайсайрашыр.
Карамакүзенә, кара нәселенә.
Кардәшкардәшинекабергәкадәрташлამый.
Нәсел – нәселгә, тилчә – тамырга.
Тату туганнарташтанкоймакорганнар.
Туганнартатулыгыбайлыктанартык.
Туганыңманбулса да, исән-әманбулсын.
Ата-бабасынискәалмаганкешегелеккүрмәс.
Ата-анасына игелек күрсәтмәгән,
Олыгайгач үзе дә игелек күрмәс.
Ата-анасын хурлаган үзен хурлаган булыр.
Атаңны башыңда тот,
Аңаңны учыңда тот![7]

(татар мақал-мәтелдері)

Қорытынды. Қазақ-татар мақал-мәтелдерінде «үлкенге көрсетілетін құрмет баланың міндеті» екені айтылады. Инабат үлгісінің бастауы отбасында алған тәрбиеге байланысты болатынын пайымдаған түркі халықтары «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп түйінді сөз айтқан. Үлкенді сыйлап, олардың алғысына бөленген, батасын алған ұл-қыздарының мерейі үстем болып, өркені өсе беретінін бір-ақ ауыз сөзбен дәлелдей білген[8].

Мақал-мәтелдер – әр халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы. Ол – халықтың рухани қазынасы. Рухани қазына – ата-бабамыздың тәлім-тәрбиесі, олардың жан дүниесіндегі адамгершілік құндылықтары. Бұл жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, елін, жерін сүйуге тәрбиелейтін бірден-бір баға жетпес құрал болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960.
- 2 Түркі халықтарының фольклоры. – Көкшетау, 2009. – 432б.
- 3 Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары, 1956.
- 4 Балабекова Қ. Ш., Отарбекова Ж.К. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі ментальдік және ұлттық таным/ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, No1 (67), 2019 ж.
- 5 Садықова Р., Танаева Д. Парсы және қазақ тілдерінің мағынасы жағынан ұқсас мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшеліктері/ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, No2 (40), 2012 ж.
- 6 Қазақ мақал-мәтелдері. Құраст. және ауд. Аққозин М. – Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2012. – 272 б.
- 7 Татар халық ішқаты. Мәкәлләр һәм әйтемнәр. – Казан, Татар. кит. нәшрияты, 1987. – 592 б.
- 8 «Түркілік тәрбие» антологиясы. – Алматы, Интеллсервис, 2013. – 1004б.

References:

1. Qazaq ädebietiniñ tarihy. – Almaty, 1960.
2. Türki halyqtarynyñ föklory. – Köksetau, 2009. – 432b.
3. Volkov G.N. Chuvaşskaia narodnaia pedagogika. – Cheboksary, 1956. 4
4. Balabekova Q. Ş., Otarbekova J.K. Qazaq fökloryndağy дәstürli mentäldik jäne ülttyq tanym/ Abai atyndağy QazÛPU-dyñ Habarşysy, «Filologia» seriasy, No1 (67), 2019 j. 5
5. Sadyqova R., Tanaeva D. Parsy jäne qazaq tilderiniñ mağynasy jağynan üqsas maqal-mätelderdin qoldanyly erekşelikleri/ Abai atyndağy QazÛPU-dyñ Habarşysy, «Filologia» seriasy, No2 (40), 2012 j. 6
6. Qazaq maqal-mätelderi. Qürast. jäne aud. Aqqozin M. – Almaty, «Almatykitap» baspasy, 2012. – 272 b. 7
7. Tatar halyk içqaty. Mäkällär häm äitemnär. – Kazan, Tatar. kit. näşriaty, 1987. – 592 b. 8
8. «Türkalik tärbie» antologiasy. – Almaty, İntelservis, 2013. – 1004b.

МРНТИ 17.07.29

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.45>

Асылбекұлы С.,¹ Аширов Ж.С.,² Куттыбаев Ш.Д.³

^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

МОДЕРНИЗМ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада әдебиет пен өнердің дамуына әсер еткен модернистік бағыттың теориялық мәселелері мен алғышарттары қарастырылады. Жалпы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өнер мен мәдениеттегі